# Сұраныс пен ұсыныс теориясының негізі



*Факультет:Агробилогия және фитосанитария*
*Группа: Аг-202*

***Дайындаған:Бекмолда Назерке***

***Қабылдаған: Саяпил Әлия***

CW401/TTI/NK/ES/05/01/01

- ***Сұраныс дегеніміз-*** белгілі уақыт ішінде бағасы анықталған тауарларды тұтынушылардың сатып алу қабілеттілігі немесе адамдардың бір нәрсе үшін ақы төлеуге қабілеттілігі мен тілегін білдіреді.
- Сұраныс пен баға арасындағы кері қатынасты *сұраныс заңы* карастырады.


Сұраныс заңы:
А) баға мен сатып алынатын тауар санының арасындағы кері байланысты көрсетеді;
ә) сол тауарға деген сұраныстың бірте-бірте азаюы.

- *Сұраныстың өзгеруі дегеніміз* – бағалық емес факторлардың өзгеруі нәтижесінде сатып алушылардың сатып алатын тауарларының санындағы өзгерістер.
- Сұраныс деңгейінің өзгеруінің негізгі факторлары **бағa** болып табылады, ал сұраныстың өзгерун қамтамасыз ететін **бағалық емес факторлар** болып табылады.


Сұраныс көлеміне әсер ететін факторлар 2-ге бөлінеді:
бағалық емес факторлар
бағалық факторлар

# Сұранысқа әсер ететін бағалық емес факторларға жататындар:

- Тұрғындардың ақшалай табыстары;
- Тұтынушылар құрылымының өзгеруі;
- Тұтынушының талғамы мен талғауы;
- Жинақталған мүлік;
- Нарық көлемі, яғни бірін-бірі ауыстыратын және толықтыратын тауарлар көлемі;
- Сатудан кейінгі көрсетілетін сервистік қызмет.

***Егер рынокта сұраныс азайса, онда тауар бағасы төмендейді, ұсыныс көлемі азаяды.***

- ***Ұсыныс дегеніміз-*** белгілі уақыт ішінде бағасы қойылған тауарларды нарыққа шығару немесе рынокқа сату үшін шығарылған өнімдердің түрлі саны. Тауарларды ұсыну мен баға арасындағы тура қатынасты ұсыныс заңы карастырады.
- ***Ұсыныс заңы*** баға мен ұсыныстың бір бағытта өзгеруін көрсетеді.

# Ұсыныс көлеміне де 2 фактор әсерін тигізеді:



# Ұсынысқа әсер ететін бағалық емес факторларға жататындар:

- Қолданылатын өндіріс технологиясының сипаты;
- Салықтар мен дотациялар;
- Табиғи-климаттық жағдайлар;
- өндіріс ресурстарының сапасы мен санының өзгеруі;
- ресурстардың бағаларының өзгеруі;

- Басқа факторлар өзгеріссіз қалғанда, тауардың бағасының өзгеруі сұраныс деңгейін өзгертеді және ұсыныс қисығын өз бойында жылжытады. Егер де баға өсетін болса, онда ұсыныс деңгейі де өседі, керісінше баға төмендейтін болса, онда ұсыныс деңгейіде төмендейді.
- Баға тұрақты болған уақыттағы басқа факторлардың өзгеруі ұсынысты өзгертеді және қисықты бір жерден екінші жерге көшіреді.

- Нарық процесінде баға белгілеуді сұраныс пен ұсыныс заңы басқарады. Нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың қиылысуы олардың тепе-теңдігін көрсетеді. ***Тепе-теңдік нарықтық баға дегеніміз -*** нарықта ұсынылған тауарлардың артықшылығы да, кемшілігі де болмайтын баға. Сұраныс пен ұсыныс қисықтарының қиылысу нүктесіндегі баға – *рыноктық клиринг немесе тепе-теңдік баға* деп аталады.
- Тепе – теңдік баға тұтынушыны да, өндірушіні де қанағаттандырады.

Сұраныс қоғамға қажетті өнімнің мөлшері мен жүйесін білдіреді, ал ұсыныс рынокқа сату үшін түсетін өнімнің жиынтығын көрсетеді.

# Сұраныс пен ұсыныс қоғамда төмендегідей экономикалық және әлеуметтік қызметті атқарады:



- К.Маркстің сөзімен айтқанда, сұраныс пен ұсыныс “қоғамның қозғаушы күші” болып табылады


Назарларыңызға
рахмет!